

Қызылорда қаласында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкасын белгілеу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы N 369 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы N 19 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 25 сәуірде N 4301 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкасы Қызылорда қаласында 1 (бір) шаршы метрге 1230(бір мың екі жүз отыз) теңге м ө л ш е р і н д е белгіленсін.

2. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Б. Қуандықов

*Қ ы з ы л о р д а о б л ы с т ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т і*

3-сессиясының төрағасы

Қ. Бисенов

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

Б. Еламанов